

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Өнімі мол өндірістік тәжірибе

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.03.2021СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/92390/>

### Өнімі мол өндірістік тәжірибе

Білімді шәкірт, білікті маман даярлауда ғылым мен білімнің мүмкіндіктерін ұштастыра білетін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі. Өткен ғасырда іргесі қаланған оқу орны бүгінде әлдемдік деңгейдегі университеттермен үзеңгілес тұр. Бой көтерген тұстан бері қарай талай саңлақтарды түлеткен ҚазҰУ игі істердің бастамашысы болып келеді. Үстіміздегі оқу жылы филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенттерінің «Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу орталығынан» өндірістік тәжірибеден өтуі осы бастамалардың дәлелі деуге болады. Тәжірибе жұмысының негізгі мақсаты – студенттердің педагогикалық қызметтің негізгі функцияларын меңгеруі, педагогикалық құзыреттілікті, кәсіби қасиеттерді қалыптастыру және дамыту, ғылыми байланыстарды жүзеге асыратын негізгі ұйымдардың, мекемелердің қызметімен таныстыру.

Мұражай жетекшісі Имаханбет Райхан Сақыбекқызы біздің өндірістік тәжірибемізге басшылық етіп, атқарылуы тиіс жұмыстарды түсіндіріп, бағыт-бағдар көрсетіп отырды. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушылары да әрбір топқа жетекшілік етіп, жауапкершілікпен студенттерге тәжірибе жұмысының мақсат-міндетін түсіндірді. Өндірістік тәжірибе барысында ZOOM платформасымен онлайн конференцияларға қосылып, жетекшілерімізден кеңес алып отырдық. Біздің топқа Ахмет Байтұрсынұлы есімі берілген музей-үйлердің тарихы мен экспонаттары, мемлекеттік және жеке мекемелердің құрылған жылдары, ескерткіштердің орнатылған жылы мен қай өңірде екендігін, мектептердің тізімі мен ондағы атқарылған іс-шараларды жинақтап, саралап, зерттеу тапсырылды. Аталған тапсырмаларды орындау барысында ғаламтордың, кітапханалардың, электронды кітапханалардың және арнайы сайттардың көмегіне жүгіндік. Осы тапсырмалар негізінде жұмыс атқару барысында тың мәліметтермен танымымыз толығып, болашақ кәсібіміз үшін азық ала алдық.

Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы есімі мен ұлы мұрасын зерттеу – әдебиетшілер үшін орындалуы тиіс басты міндеттердің бірі. Өндірістік тәжірибенің бізге

берген негізгі тапсырмасы да осы еді. Жаңа ғасыр көкжиегіндегі Ахмет Байтұрсынұлы туралы жарық көрген әдеби-ғылыми мақалаларды, қорғалған диссертацияларды, жазылған монографияларды жүйелеп, картотека, библиографиялық тізімін жасаумен айналыстық.

Алғашында, біздің көкейімізде «өндірістік тәжірибеден не аламыз, педагогикалық тәжірибеден өтпеуіміздің себебі не?» деген сұрақтар тұрды. Ал өндірістік тәжірибе барысында осы сұрақтарымызға толықтай жауап ала алдық. Себебі, аталған тәжірибе жұмысы үлкен игі істің бастауы болды. Жұмыстар атқару барысында Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы туралы әр жылдардағы мақалалар, ол жайындағы деректі фильмдер, түрлі жанрда жазылған прозалық, поэзиялық, драмалық туындылармен таныстық. «Алашорда», «Алаш туралы сөз» сынды деректі фильмдер бір ғана Ахмет Байтұрсынұлының ғана емес, бүтін бір Алаш қайраткерлерінің өмірін өрнектейді. Ал 2016 жылы тұсауы кесілген «Азаппен өткен өмір-ай» қойылымы ұлт ұстазының жары Бәдрисафаның өмірінен сыр шертеді.

Ғалымға арналған жыл сайынғы конференциялар мен байқаулар, іс-шаралар, оқулардың да жас ұрпақ үшін берері мол. Сонымен қатар, ұлт ұстазының есімі берілген төсбелгілердің маңызы, мұражай-үйлердің атқаратын қызметі, көшелердің қай өңірде орналасқаны бәрі біздің зерттеуіміздің негізі болды. Ендеше, өндірістік тәжірибенің біз үшін өнімі мол болды деп толықтай айта аламыз.

Алдағы жылы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай үлкен мерейтойлық іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр. Ұлт ұстазының ұрпақтар сабақтастығындағы мұрасының ұлықталуы кешегі өзінің ерен еңбегінің еленгені деп білеміз. Осы атаулы шараларға үлесіміз тисе, біз үшін үлкен бақыт.

**Айгерім ПАЛУАНБЕК,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

4-курс студенті.

**Райхан ИМАХАНБЕТ,**

Ф.Ф.К аға оқытушы

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.